

Нысанды киімнің үлгілерін, нысанды киім киюге құқығы бар мемлекеттік кірістер органдары жұмыскерлерінің тізбесін, онымен қамтамасыз етудің заттай нормаларын және айырым белгілерін, сондай - ақ оны тағып жүру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 12 ақпандағы № 168 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 27 ақпанда № 16435 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 10-бабы 5-тармағына және "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-5-бабы 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 08.08.2025 № 431 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мыналар:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлерінің нысанды киім үлгілері;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес нысанды киімді киіп жүруге құқығы бар мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлерінің тізбесі;
- 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлерін нысанды киіммен қамтамасыз етудің заттай нормалары;
- 4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлерінің нысанды киімінің айырым белгілері;
- 5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлерінің нысанды киімді киіп жүру қағидалары бекітілсін.

2. Бекітілген нормаларды іске асыру тиісті қаржылық жылға бөлінген қаражат шегінде жүргізілсін.

3. "Нысанды киімді (погонсыз) киіп жүруге құқығы бар мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды адамдарының, онымен қамтамасыз етудің заттай нормаларының тізбесін, оны киіп жүру қағидаларын және айырым белгісін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 19 мамырдағы № 308 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11242 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 маусымында "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Теңгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялану және енгізу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі*

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 12 ақпандағы
№ 168 бұйрығына
1-қосымша

Мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлерінің нысанды киім үлгілері

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 08.08.2025 № 431 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Ерлерге арналған нысанды киімнің үлгісі


1. Ерлерге арналған нысанды киім жиынтығына мыналар кіреді (1, 2, 3-сурет):

- 1) ерлерге арналған шалбары бар пиджак (пиджак көк түсті, шалбары сұр түсті) ;
- 2) ерлерге арналған қысқа жеңді жейде;
- 3) ерлерге арналған ұзын жеңді жейде;
- 4) галстук;
- 5) қысқа жеңді сұр және ақ түсті поло;
- 6) ұзын жеңді сұр және ақ түсті поло;
- 7) шалбары бар камуфляж;
- 8) кардиган;

- 9) болонь күрте (көктем–күз);
- 10) шалбары бар қысқы ұзын күрте;
- 11) сигналдық кеудеше;
- 12) белдік;
- 13) қысқы тоқыма құрақшын;
- 14) бейсболка;
- 15) фуражка;
- 16) ерлерге арналған табиғи былғарыдан жасалған қысқы бәтеңке;
- 17) жазғы аяқкиім (мокасиндер).



1-сурет



2-супер



3-супер



2-тарау. Әйелдерге арналған нысанды киім жиынтығына мыналар кіреді (4, 5, 6-сурет):

- 1) әйелдерге арналған юбкасы бар пиджак (пиджак көк түсті, юбкасы сұр түсті);
- 2) әйелдерге арналған классикалық сұр түсті шалбар;
- 3) әйелдерге арналған ұзын жеңді ақ түсті жейде;
- 4) әйелдерге арналған қысқа жеңді ақ түсті жейде;
- 5) қысқа жеңді сұр және ақ түсті поло;
- 6) ұзын жеңді сұр және ақ түсті поло;
- 7) шалбары бар камуфляж;
- 8) кардиган;
- 9) болонь күрте (көктем–күз);
- 10) шалбары бар қысқы ұзын күрте;
- 11) сигналдық кеудеше;
- 12) құлақшын;
- 13) кепка;
- 14) сұр түсті берет;
- 15) әйелдерге арналған табиғи былғарыдан жасалған қысқы бәтеңке;
- 16) әйелдерге арналған жазғы туфли.




Негізгі түс

2A3136

Жоғарғы

474F59

1-сурет



2-сурет



3-сурет

3-тарау. Нысанды киім кеудешесінің үлгісі

3. Ерлерге және әйелдерге арналған қалтасы бар қою графит түсті кеудеше (7-сурет)



4-сурет

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 12 ақпандағы
№ 168 бұйрығына
2-қосымша

Нысанды киімді киіп жүруге құқығы бар мемлекеттік кірістер органы жұмыскерлерінің тізбесі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 08.08.2025 № 431 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Кеден саласындағы уәкілетті органдағы бөлімшенің басшысы.
2. Кеден саласындағы уәкілетті органдағы бөлім басшысының орынбасары.
3. Кеден саласындағы уәкілетті органның бас сарапшысы.
4. Кеден саласындағы уәкілетті органның сарапшысы.
5. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша аумақтық мемлекеттік кірістер органының басшысы.
6. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша аумақтық мемлекеттік кірістер органының кеден саласына жетекшілік ететін орынбасары.
7. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша аумақтық мемлекеттік кірістер органындағы кеден саласына жетекшілік ететін бөлімшенің басшысы.
8. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша аумақтық мемлекеттік кірістер органының кеден саласына жетекшілік ететін бас маманы.
9. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша аумақтық мемлекеттік кірістер органының кеден саласына жетекшілік ететін жетекші маманы.
10. Кеден бекетінің басшысы.

11. Кеден бекеті басшысының орынбасары.

12. Кеден бекетінің бас маманы.

13. Кеден бекетінің жетекші маманы.

14. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында бақылауды жүзеге асыратын басшы.

15. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында бақылауды жүзеге асыратын басшының орынбасары.

16. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында бақылауды жүзеге асыратын бас маман.

17. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында бақылауды жүзеге асыратын жетекші маман.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 12 ақпандағы
№ 168 бұйрығына
3-қосымша

Мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлерін нысанды киіммен қамтамасыз етудің заттай нормалары

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 08.08.2025 № 431 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Заттардың атауы	Өлшем бірлігі	Бір қызметкер үшін заттар саны	Пайдалану мерзімі (аймен)
1.	Ерлерге арналған шалбары бар пиджак (пиджак көк түсті, шалбары сұр түсті)	дана	1	24
2.	Ерлерге арналған қысқа жеңді жейде	дана	1	24
3.	Ерлерге арналған ұзын жеңді жейде	дана	1	24
4.	Галстук	дана	1	12
5.	Әйелдер арналған юбкасы бар пиджак (пиджак көк түсті, юбкасы сұр түсті)	дана	1	24
	Әйелдердің арналған			

6.	классикалық сұр түсті шалбар	дана	1	12
7.	Әйелдерге арналған ұзын жеңді ақ түсті жейде	дана	1	12
8.	Әйелдер арналған ұзын жеңді ақ түсті жейде	дана	1	12
9.	Қысқа жеңді сұр және ақ түсті по	дана	1	12
10.	Ұзын жеңді сұр және ақ түсті поло	дана	1	12
11.	Шалбары бар камуфляж	жиынтық	1	12
12.	Кардиган	дана	1	12
13.	Болонь күрте (көктем-күз)	дана	1	24
14.	Шалбары бар қысқы ұзын күрте	дана	1	24
15.	Сигналдық кеудеше	дана	1	12
16.	Белдік	дана	1	12
17.	қысқы тоқыма құрақшын, кепка	дана	1	12
18.	Бейсболка	дана	1	12
19.	Фуражка	дана	1	24
20.	Сұр түсті берет	дана	1	24
21.	Ерлерге арналған табиғи былғарыдан жасалған қысқы бәтеңке	жұп	1	24
22.	Жазғы аяқкиім (мокасин)	жұп	1	12
23.	Әйелдерге арналған табиғи былғарыдан жасалған қысқы бәтеңке	жұп	1	24
24.	Әйелдерге арналған жазғы туфли	жұп	1	12

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 12 ақпандағы
№ 168 бұйрығына
4-қосымша

Мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлерінің нысанды киімінің айырым белгісі

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 08.08.2025 № 431 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қазақстан Республикасы мемлекеттік кірістер органының логотипі және пиджактың оң жақтағы және жиденің сол жақтағы қалталарының қақпаларында орналасқан "КЕДЕН CUSTOMS" (1-сурет) жазбасы нысанды киімді киіп жүруге құқығы бар мемлекеттік кірістер органдарының кеден саласындағы жұмыскерлерінің нысанды киімінің айырым белгілері болып табылады. Жазба мен логотип пиджак пен жейде қалтасының қақпасына алтын түсті жібек жіппен кестеленіп тігіледі. Белгідегі алтын түсті суреттер тоқу тәсілімен жасалады.

2. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасына тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында бақылауды жүзеге асыратын, нысанды киім киюге құқығы бар мемлекеттік кірістер органдары жұмыскерлерінің нысанды киімі. Жапсырма ортасында мемлекеттік кірістер органдарының логотипі бейнеленген, үстіңгі бөлігінде – "QAZAQSTAN" (2-сурет), төменде "MEMLEKETTİK KIRISTER ORGANDARY" деген жазуы бар, қара түсте қалқан нысанда, мөлшері 100 x 80 миллиметр материал тәріздес негізде дайындалады. Жазба мен логотип пиджак пен жейде қалтасының қақпасына алтын түсті жібек жіппен кестеленіп тігіледі. Белгідегі алтын түсті суреттер тоқу тәсілімен жасалады.

3. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында бақылауды жүзеге асыратын және нысанды киімді киіп жүруге құқығы бар мемлекеттік кірістер органдары жұмыскерлерінің нысанды киімінің айырым белгісінің үлгісі (1-сурет, 2-сурет):



Мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлерінің нысанды киімді киіп жүру қағидалары

Ескерту. Қағидалары жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 08.08.2025 № 431 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік кірістер органдары жұмыскерлерінің нысанды киімді киіп жүру қағидалары (бұдан әрі - нысанды киім) "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 10-бабы 5-тармағына және "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-5 бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және функционалдық міндеттеріне кедендік операцияларды және (немесе) кедендік бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ кедендік операцияларды және (немесе) кедендік бақылауды тікелей жүзеге асыру жөніндегі аумақтық мемлекеттік кірістер органдарының қызметін үйлестіру және бақылау кіретін мемлекеттік кірістер органы жұмыскерлерінің, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасына тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында бақылауды жүзеге асыратын, нысанды киім киюге құқығы бар нысанды киім кию тәртібін айқындайды.

2. Нысанды киім ерлерге және әйелдерге арналған болып бөлінеді.

3. Нысанды киімді және оның заттарын киіп жүру мерзімдері оның берілген күнінен бастап саналады.

4. Нысанды киіммен қамтамасыз ету кеден ісі саласындағы уәкілетті органы ведомствосының есебінен жүргізіледі.

5. Мемлекеттік кірістер органдары жұмыскерлеріне берілетін нысанды киім кеден ісі саласындағы уәкілетті органы ведомствосының меншігі болып табылады және қызметкерді жұмыстан босату кезінде қайтарылуға жатады.

2-тарау. Мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлерінің нысанды киімді киіп жүру тәртібі

6. Қызметтік міндеттерді орындау кезінде нысанды киім киюге міндетті.

7. Нысанды киімнің барлық заттары тазартылған және үтіктелген. Пиджак қалталарының қақпалары сыртқа шығарылған.

8. Құлақшын, фуражка, берет төменгі жиегі қастың үстінен бір-екі елі биіктікте болатындай етіп, ал фуражканың күн қағары – қастың деңгейінде киіледі. Кокарданың ортасы қастың ортасына орналасады. Барлық бас киімдер қисайтылмай тік киіледі.

9. Пиджак, шалбар, жейде, поло, бомбер және далалық күртенің барлық түймелеріне салынады және сыдырмасы бекітіледі.

10. Аяқ киім тазаланған.

11. Жазғы уақытта пиджаксыз галстукпен ұзын жеңді жидені, сондай-ақ галстуксыз, үстіңгі түймесін ағытып, қысқа жеңді жидені киюге рұқсат етіледі.

12. Мемлекеттік кірістер органдарының үй-жайынан тыс жерлерде кедендік операцияларды және (немесе) кедендік бақылауды орындау кезінде мемлекеттік кірістер органының жұмыскерлері кеудеше киеді.

13. Бұл ретте кедендік бақылау аймағынан тыс жерлерде көлік құралдарын тоқтатқан және кедендік операцияларды және (немесе) кедендік бақылауды жүзеге асырған кезде, сондай-ақ нашар көріну (тұман, жаңбыр) жағдайында және тәуліктің қараңғы уақытында (ымырт, түн) мемлекеттік кірістер органдарының үй-жайынан тыс жерлерде кедендік операцияларды және (немесе) кедендік бақылауды жүзеге асырған кезде мемлекеттік кірістер органының жұмыскерлері кеудеше киеді.

14. Кеудеше және сигналдық кеудеше нысанды киімнің сыртынан киіледі.